

## ҚОС УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ

2026 жылғы 4 маусымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов Ресей халықтар достығы университетінің (РУДН) өкілдерімен кездесті. Басқосу екі жоғары оқу орны арасындағы академиялық ынтымақтастықты нығайтуға және бірлескен білім беру жобаларын дамытуға арналды.

Кездесуге филология ғылымдарының кандидаты, доцент Светлана Красильникова және педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Людмила Апакина қатысты. Тараптар бірлесіп әзірлеген «Цифрлық білім беру ортасындағы орыс тілі мен әдебиеті» қосдипломды білім беру бағдарламасының жүзеге асырылу барысын талқылап, алдағы жоспарлар жөнінде пікір алмасты. Қосдипломды бағдарламаға алғашқы қабылдау 2026-2027 оқу жылынан бастау жоспарлануда.

Басқарма төрағасы – ректор аталған



бағдарламаның студенттерге халықаралық деңгейде сапалы білім алуға және екі университеттің дипломын қатар иеленуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сонымен қатар, жобаға екі оқу орнының жетекші ғалымдары мен білікті мамандары тартылғаны айтылды.

## «ECOLIFE» ЭКОКЛУБЫ 5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕЛІК ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Ecolife» экологиялық клубы Астанада өткен ReStart экологиялық жобасының 10-маусымдық финалында I орын иеленіп, 5 000 000 теңге көлеміндегі жүлде қорына қол жеткізді. Қаражат пластик қалдықтарын өңдеуге арналған жабдықтар кешенін сатып алуға бағытталады.

Coca-Cola İçecek Kazakhstan компаниясының қолдауымен ұйымдастырылған жобаға еліміздің 23 жоғары оқу орнының командалары қатысты. Маусым барысында қатысушылар экологиялық акциялар өткізіп, пластик қалдықтарын жинау және сенбіліктер ұйымдастыру арқылы белсенділік танытты. Финалдық кезеңде «Ecolife» клубы үздік нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атанды. Биылғы мау-

сымда қатысушылар бірлескен жұмыстың нәтижесінде 60 тоннадан астам PET-1 пластикін жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.



Қорытынды іс-шараға университеттің «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, «Ecolife» клубының негізін қалаушы әрі жетекшісі Светлана Кужамбердиева және «Экология және табиғатты пайдалану» бағдарламасының студенті, белсенді экоерікті Жібек Ақнұрова қатысты.

Айта кетейік, 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні. Қоршаған ортаны қорғау бағытында университеттің қызметкерлері мен студенттері «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясындағы экологиялық бастамаларға белсене атсалысып келеді. Бұл игі істер экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғатқа жауапкершілікпен қарауға ықпал етуде.

## ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

5 маусым – Экология күні және Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бірқатар оқытушылары қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатты сақтау бағытындағы еңбектері үшін облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Марапат иелерінің қатарында «Электр

энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының аға оқытушылары Светлана Кужамбердиева, оқытушы, химия ғылымдарының кандидаты Нұрила Тоғызбаева, аға оқытушы Дархан Орынбеков және «Инжинирингтік технологиялар» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Салтанат Аппазова бар.

Аталған марапаттар оқытушылардың экология саласындағы ғылыми-педагогикалық қызметіне, жас ұрпақтың экологиялық сауаттылығын арттыруға және қоршаған ортаны қорғау ісіне қосқан үлесіне берілген жоғары баға.

Университет ұжымы марапат иелерін құттықтап, алдағы қызметтеріне толағай табыс пен жаңа жетістіктер тілейді.

## УНИВЕРСИТЕТТЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

2026 жылғы 4 маусымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазақстанның Арал өңіріндегі малазықтық дақылдарды өндірудің өзекті мәселелері және жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.

Ғылыми жиын ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Дүйсен Нұрымовты еске алу мақсатында және университеттің ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Раушан Нұрымованың 60 жылдық мерейтойына орай өткізілді. Ашылу рәсімінде Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева сөз сөйлеп, Дүйсен Нұрымовтың ғылым мен білім саласына қосқан зор үлесін атап өтті.

Дүйсен Нұрымов 1993–2009 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік



университетінде «Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы» кафедрасының меңгерушісі болса, 2009–2014 жылдары осы кафедраның профессоры қызметін атқарды. 2018 жылы оған Қорқыт Ата университетінің Құрметті профессоры атағы берілді. Конференция барысында ғалымдардың еңбегі мен ғылыми мұрасы кеңінен талқыланды. Су шаруашылығы және жерге орналастыру білім беру бағдарламасының профессоры Серікбай Қошқаров Дүйсен Нұрымовтың өмір жолы мен ғылыми қызметіне тоқталса, профессор Ибадулла Тауменов оның ауыл шаруашылығы ғылымын дамытудағы еңбегін ерекше атап өтті. Ал Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының өкілі Қанағат Бегалиев ғалымның ғылыми мұрасының маңызын сөз етті. Шара соңында үздік студенттер марапатталып, қатысушылар естелік суретке түсті.

## Ортақ мақсат – жаңа мүмкіндіктер

2026 жылғы 12 маусымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің өкілдері Қырғыз Республикасының Жоғары Кеңесінің депутаты Табылды Мұратбековпен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ғылым және білім салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Рекрутинг және мансап басқармасының басшысы Асхат Мырзабай университеттің халықаралық байланыстарды кеңейтуге басымдық беретінін атап өтіп, шетелдік серіктестермен тәжірибе алмасу мен бірлескен жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығын айтты.

Сонымен қатар, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қырғызстанның жоғары оқу орындары арасындағы әріптестікті нығайту, академиялық ұтқырлықты дамыту және ғылыми байланыстарды кеңейту мәселелері қарастырылды.



## Университет ғалымы халықаралық ғылыми симпозиумға қатысты

2026 жылғы 15 маусымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих және археология» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, философия докторы Ыслам Құрманязов Қарағанды облысында өткен «Сарыарқаның көшпелі мәдениеті: Ұлы даланың құпиялары – Талды» атты халықаралық ғылыми симпозиумына қатысты.

Халықаралық ғылыми жиында Қазақстан, Түркия, Германия, Венгрия және Ресейден келген ғалымдар тарихи-мәдени мұраны сақтау, археологиялық зерттеулердің заманауи әдістері мен халықаралық ынтымақтастық мәселелерін талқыланды. Симпозиум аясында қатысушылар Талды археологиялық паркінің қола дәуіріне жататын ескерткіштерімен танысып, соңғы археологиялық зерттеулер нәтижелерімен бөлісті. Сондай-ақ, қонақтарға қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, қолөнері мен ұлттық спорт түрлері таныстырылды.

## Жас ғалымдар халықаралық ғылыми орталықта білімін жетілдірді

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» және «Экономика» білім беру бағдарламаларының 2-курс докторанттары Ресей ғылым академиясының Орталық экономикалық-математикалық институтында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама барысында докторанттар Нұргүл Құлтанова мен Жанна Смагулова әлеуметтік-экономикалық үдерістерді модельдеудің өзекті мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, жетекші ғалымдардың қатысуымен өткен ғылыми семинарлар мен пікірталас алаңдарында тәжірибе алмасты. Ғылыми тағылымдама аясында докторанттар өздерінің зерттеу бағыттарына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді,



диссертациялық жұмыстарды, монографияларды және нормативтік-құқықтық құжаттарды жан-жақты зерделеіп, ғылыми талдау жүргізді. Халықаралық ғылыми ортада жинақталған тәжірибе мен алынған білім докторанттардың зерттеушілік қызыреттерін арттыруға, ғылыми әлеуетін нығайтуға және докторлық диссертацияларын сапалы даярлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тағылымдама нәтижелері олардың алдағы ғылыми-зерттеу қызметінде кеңінен қолданылатын болады.

## Биылғы университет түлегі қытай елінің магистратура грантын жеңіп алды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Есеп және аудит» бағдарламасының 4-курс студенті Амина Лаубаева халықаралық білім беру жолындағы тағы бір маңызды жетістікке қол жеткізді. Ол Қытай Халық Республикасының беделді жоғары оқу орындарының бірінде магистратура бағдарламасы бойынша толық грант иегері атанды.

Талапты жас бұған дейін де білім мен тәжірибесін шындауға ерекше көңіл бөлген. Өткен жылы ол Бельгияда академиялық тағылымдамадан өтіп, шетелдік білім беру жүйесінің озық тәжірибелерімен танысты. Бұл мүмкіндік оның кәсіби көкжиегін кеңейтіп, халықаралық деңгейдегі біліктілігін арттыруға ықпал етті.

Нәтижесінде білім алушылар әлемнің жетекші университеттерінде тәжірибе жинақтап, жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуда.

## ERASMUS+ АЯСЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

2026 жылғы 2 маусымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры Наурызбай Байқадамов Erasmus+ 101237042 – MECAS жобасының координаторы, Нүкіс мемлекеттік техника университетінің Компьютерлік инжиниринг кафедрасының меңгерушісі, доцент, физика-математика ғылымдарының кандидаты Асия Туренизовамен кездесті. Кездесу барысында тараптар халықаралық жоба аясындағы Арал теңізі бассейнінің экологиялық мәселелерін зерттеуге бағытталған бастамаларды талқылады.

MECAS жобасының негізгі бағыттарының бірі – Арал өңірінің экологиялық мәселелерін шешуге қабілетті мамандар даярлау. Осы мақсатта Қорқыт Ата университетінде экинформатика бойынша магистрлік білім беру бағдарламасын іске қосу жоспарлану-



да. Аталған бағдарлама Қазақстанда тек екі жоғары оқу орнында – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қорқыт Ата университетінде жүзеге асырылатын болады. Кездесу барысында халықаралық

ынтымақтастықты нығайту, ғылыми тәжірибе алмасу және экология, су ресурстары мен цифрлық технологиялар бағытындағы зерттеулерді бірлесіп жүргізу мәселелері де сөз болды

### «ОРХУН» бағдарламасы: студенттер Түркияда білім алуда

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері халықаралық «Орхун» бағдарламасы аясында Түркия Республикасының Кония қаласындағы Сельчук университетінде білім алуда. Шетелдік жоғары оқу орнында «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенті Ағиса Тұрған, сондай-ақ «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының студенттері Ақжан Байдосова мен Айкен Бақытжанқызы бір семестр бойы білімдерін жетілдіруде.

Халықаралық бағдарлама студенттерге халықаралық білім беру ортасында тәжірибе жинақтауға, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға және заманауи оқыту әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қатысушылардың шет тілін меңгеру деңгейін арттырып, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Академиялық ұтқырлық аясында студенттер білім алып қана қоймай, Түркияның мәдениеті мен дәстүрін жақыннан танауға мүмкіндік алып, дүниетанымын кеңейтіп, болашақ маман ретінде жан-жақты дамуына жол ашады.

Студенттердің айтуынша, шетелдік университетте оқу жаңа ортаға бейімделуге, өз бетінше шешім қабылдауға және халықаралық тәжірибе жинақтауға үлкен септігін тигізуде.



### АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Ардагерлер кеңесінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Басқосуға университеттің ардагер ұстаздары мен зиялы қауым өкілдері қатысып, ұйымның атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері талқыланды. Жиынды Басқарма Төрағасы – Ректор Наурызбай Байқадамов ашып, ардагерлер ұйымының университет өміріндегі маңызына тоқталды. Ректор ардагерлердің оқу орнының дамуына қосқан үлесі мен кейінгі буынға көрсетіп келе жатқан өнегелі жолын атап өтті.

Кездесу барысында Ардагерлер ұйымының төрағасы, профессор Бақыт Қалиев оқу жылы көлемінде атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Ол ұйымның ардагерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамдық белсенділігін арттыру және мәдени-рухани шараларға қатысу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келе

жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, профессор Бақыт Қалиев алдағы уақытта ғылыми жұмыстарға көбірек көңіл бөлу мақсатында өз еркімен қызметінен босайтынын мәлімдеді. Басқарма Төрағасы – ректор ұйым жұмысына қосқан үлесі үшін алғыс айтып, университет ұжымы атынан арнайы Алғыс хат табыстады.

Ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасы қызметіне университеттің бас редакторы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Тұран» сыйлығының иегері Қали Омаров бірауыздан сайланды.

Айта кетейік, университеттің Ардагерлер ұйымын 2024 жылғы 5 маусымнан бері профессор Бақыт Қалиев басқарып келді. Қазіргі таңда ұйым құрамында 369 мүше бар. Оның 261-і әйелдер, 108-і ер азаматтар. 70 жастан асқан ардагерлер саны – 201. Ал ұйым мүшелерінің 33 пайызы бүгінде университетте еңбек етуде.

### КӘСІПОДАҚ КОМИТЕТІНЕ ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

2026 жылғы 19 маусымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіподақ комитетінің есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Жиынға Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы Гүлнара Есқалиева, кәсіподақ комитетінің мүшелері қатысты. Жиын барысында кәсіподақ комитетінің төрағасы Айтжан Оразбаков есепті кезеңде атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасап, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау көрсету, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бағытында жүзеге асқан жұмыстарға тоқталды.

Кәсіподақ комитетін 8 жыл басқарған А.Ж.Оразбақовтың өз өтініші негізінде орнын босатуына байланысты конференция шешімімен кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасы болып техника ғылымдарының кандидаты, Биология, география және химия білім беру бағдарламасының

қауымдастырылған профессоры Есенжол Назаров сайланды. Жаңа төраға еңбек ұжымының құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру және кәсіподақ ұйымының қызметін одан әрі дамыту бағытында жұмыс жүргізетін болады. Есенжол Асылбекұлын жаңа қызметімен құттықтап, алдағы жұмысына сәттілік тілейміз!



## ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Жақында облыстық «Сыр бойы» газетінде Қорқыт Ата университетінің құрметті профессоры, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Серікбай Қошқаровтың «Абайды тағы оқығанда» мақаласы жарық көрді. Серікбай Иманбайұлы өмір жолында кездесетін күрделі мәселелер мен сан алуан сауалдардың жауабын ұлы ақынның философиялық ой-толғамдарынан іздеуді өзінің кәсіптік парызына балағанды. Қарымды қаламгердің осы тақылеттес еңбектерін бұрын да оқыған менің бұл жолғы алған әсерім, тіпті, ерекше. Өйткені өмір тәжірибесімен толысқан сайын адамға Абай сөзінің тереңдігі де жаңаша қырынан ашыла түсетініне көзім жете түсті.

Сәкең Абайдың қара сөздерінде көрініс тапқан адамгершілік, еңбек, әділет, мейірім және қоғам алдындағы жауапкершілік жайындағы ойларды бүгінгі өмір шындығымен сабақтастыра талдайды.

Қазіргі қоғамның өркендеуі білім мен

технологияның дамуымен ғана өлшенбейді. Оның берік негізінде адамгершілік, бауырмалдық және ортақ жауапкершілік сезімі жатуы тиіс. Адам өз еңбегінің нәтижесін жеке басының игілігіне ғана емес, ел мүддесіне бағыттай білгенде ғана қоғам дамуының даңғыл жолына түседі. Сәкеннің айтпақ ойының негізгі түйіні де осы деп білемін.

Автордың тағы бір маңызды ұстанымы – адамды өзгертуге болады деген сенім. Өйткені тұлға өзі өмір сүрген ортада тәрбиеленіп, қалыптасып, кемелденеді. Сондықтан отбасыға, мектепке және тұтас қоғамға жүктелер жауапкершілік жүгі қашанда ауыр. Сәкеннің өмірлік қағидасына айналған құндылықтар – кемшілікті өзінен іздеу, өзгеге жанашырлық таныту, жақсыны қолдау және игі ойларды ортаға салу. Бұл қағидалардың барлығы адамды кемелдікке жетелейтін терең тұжырымдарға негізделген. Қаламгер оларды тек сөз жүзінде ғана емес, күнделікті іс-

әрекеті арқылы да насихаттап келеді.

Оның пайымдауынша, әр адам өзінен бастап, айналасына мейірім мен қамқорлық танытса, қоғамда жақсылықтың үлесі арта түседі. Абай айтқандай, жүрек – сезімнің ғана емес, мейірімнің, әділеттің және рақымның ордасы. Осы ақиқатты терең түсінген Сәкен ерлік пен батырлықты әділетке мойынсұнып, ақиқат жолында табандылық танытудан іздейді. Мұндай көзқарас бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды.

Ұлы Абай өсиеттерінің мәңгілік мәні, адам мінезін тәрбиелеу мәселесі, парасатты тұлға қалыптастырудағы қоғамның жауапкершілігі, бірлік пен тірлік туралы Сәкеннің терең толғанысқа құрылған жазбалары өте өзекті әрі құнды. Мұны көкірек көзі ояу, ойлы оқырман анық сезініп, терең түйсінері сөзсіз.

Қали ОМАРОВ

## ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МЕН БАЛА ЛОГИКАСЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде ерекше орын алатын және ерте дәуірден бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпаған жанрлардың бірі – жұмбақтар. Олар халық даналығының көрінісі ғана емес, жас ұрпақтың ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін маңызды құрал.

Ғалымдардың айтуынша, жұмбақтар ертедегі адамдардың еңбек-кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесінен туған. Алғашқы кезде адам баласына заттар мен табиғат құбылыстарының сыры беймәлім болған. Сондықтан адамдар қоршаған ортаны, табиғат құбылыстарын, еңбек құралдарын және жануарларды бір-бірімен салыстыру арқылы тануға тырысқан. Таныс заттарды бейтаныс заттармен салыстырып, ұқсас белгілеріне қарай олардың ерекшеліктерін анықтаған. Алғашқы жұмбақ үлгілері осылай қалыптасқан. Қазақ жұмбақтарын зерттеуге көптеген ғалымдар үлес қосты. Ә. Диваев халық арасынан көптеген жұмбақтарды жинаса, А. Байтұрсынұлы жұмбақтың адамның зейінін дамытатын жанр екенін атап көрсеткен.

Жұмбақтардың өзіне тән ерекшелігі – олардың тапқырлыққа құрылуы. Жауабы бірден айтылмай, тұспал арқылы беріледі. Бұл баланың логикасын іске қосып, өзіндік ойлануына, ізденуіне, шешімін табуына көмектеседі. Мысалы, табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер-білім, техника т.б. жұмбақтар балалардың қоршаған ортаны тануына пайдасын тигізеді. Осы арқылы бала тек жауап тауып қана қоймай, заттардың қасиеттерін терең түсіне бастайды.

Баланың логикасын одан әрі дамытуда жұмбақтардың рөлі ерекше. Бірінші кезекте, жұмбақтар баланың ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, жинақтау) дамытады. Оған мысалы,

1. Қыста ғана болады,  
Ұстасаң қолың тонады.  
(Қар)

Осы жұмбақтың жауабын табу арқылы бала заттың қасиеттерін (суық, қыс мезгілі) талдап, басқа құбылыстармен салыстырады.

2. Жазда жасыл тон киеді,  
Күзде сары тон киеді.  
Қыста, суық аязда  
Жалаңаш тұруды сүйеді.

(Ағаш)

Бала жыл мезгілдеріне байланысты өзгерісті (жапырақтың түсуі, қар басуы) талдайды.

3. Ақ қиыршық еритін,  
Ас жоқ одан жеритін.  
(Тұз)

Мұнда бала заттың сыртқы түрі мен қасиеттерін (түсі, дәмі, суда ерігіштігі) салыстырып, қорытынды жасайды.

Жұмбақтар баланың тіл байлығын дамытуға да үлкен әсер етеді. Жұмбақтарда бейнелі сөздер, теңеу, эпитет, астарлы мағына жиі қолданылады. Мұндай көркем тіл үлгілері баланың сөздік қорын көбейтіп қана қоймай, оның тіл мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Бала жұмбақтарды шешу барысында жаңа сөздерді меңгереді, сөздердің мағынасын түсінеді және өз ойын жүйелі жеткізуге үйренеді.

Жұмбақтардың тәрбиелік мәні де ерекше. Қазақ халқы жұмбақтар арқылы жас ұрпақты еңбекқорлыққа, байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеген. Әсіресе тұрмысқа, төрт түлікке, табиғатқа байланысты жұмбақтар баланың халықтық дүниетанымын дамытуға көмектеседі.

4. Кішкентай ғана бойы бар,  
Айналдырып киген тоны бар.  
(Қой)

Бұл жұмбақ арқылы бала төрт түлік малдың ерекшелігін танып, оның тұрмыстағы маңызын түсінеді.

5. Өзі сөйлей білмейді,  
Бірақ “Тоқта, жүр!” дейді.  
(Бағдаршам)

Мұнда бала заттың қызметін ойлау арқылы шешім табуға дағдыланады. Бала бағдаршамның адамдар мен көліктер қозғалысын реттейтінін, қызыл, сары, жасыл түстер арқылы белгі беретінін еске түсіріп, жауапты табады. Осы арқылы бала түстердің мағынасын ажыратып, себеп-салдар байланысын түсінуге, қорытынды жасауға үйренеді.

Жұмбақтар мектепке дейінгі және бастауыш сынып жасындағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруда тиімді әдіс. Педагогтар сабақ барысында жұмбақтарды қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, олардың есте сақтау қабілетін, шапшаң ойлауын дамытады. Демек, жұмбақ айту мен шешу балалар арасында қарым-қатынасты нығайтып, ұлттық

құндылықтарды бойына сіңіруге өз септігін тигізеді.

Мысалы, мұғалім сабақ барысында табиғат тақырыбын өткен кезде:

- Алдында әр түрін жібек жіптің,  
Аспанға әшекейлеп кесте тіктім.  
(кемпірсөк)

деген жұмбақты жасырады. Балалар жұмбақтың шешуін іздеу арқылы табиғат құбылыстарын еске түсіріп, өзара пікір алмасады. Бұл олардың ойлау белсенділігін арттырып қана қоймай, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Тағы бір мысал:

- Қабат-қабат қаттама,  
Ақылы болса аттама.  
(Кітап)

Осы жұмбақты шешу барысында балалар кітаптың білім көзі екенін түсініп, оқу мен білімге деген құштарлығы оянады. Сонымен қатар олар жұмбақтың астарлы мағынасын түсінуге тырысып, логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Жалпы алғанда, жұмбақтар – қазақ халқының рухани мұрасының маңызды бөлігі. Олар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың ойлау қабілетін дамытатын, дүниетанымын кеңейтетін, тәрбиелік мәні зор халықтық педагогиканың тиімді құралы. Бүгінгі таңда да жұмбақтар өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, оларды оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану арқылы балалардың логикалық ойлауын, тіл мәдениетін және шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік мол.

Олардың зерттелу тарихы қазақ фольклорының тереңдігін танытса, тәрбиелік және дамытушылық қыры білім беру жүйесінде ерекше құндылыққа ие екендігін дәлелдейді. Қазіргі таңда да жұмбақтардың маңызы төмендеген жоқ. Керісінше, оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және танымдық белсенділігін дамытуға мол мүмкіндік береді. Сондықтан жұмбақтарды жас ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолдану – ұлттық мұраны сақтаудың әрі саналы, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі.

Жанерке ӘДІЛБЕКОВА,  
КТӨ-24-1 оқу тобы

## УНИВЕРСИТЕТ – ЖАСТАРДЫҢ КЕМЕЛ БОЛАШАҒЫНА БАСТАР ЖОЛ

Білім – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі. Елдің дамуы мен өркендеуі білімді, білікті және жан-жақты жастарға байланысты. Сондықтан жастар үшін жоғары оқу орнына түсу тек мамандық игеру ғана емес, болашаққа жасалған сенімді қадам. Осы тұрғыдан алғанда, университет – жастардың кемел болашағына бастар жол. Университет білім алушыларға терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Заманауи оқу бағдарламалары студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Университет қабырғасында жастар өздерінің қызығушылықтарын анықтап, болашақ мамандығы бойынша тәжірибе жинақтайды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті - менің білім алып қана қоймай, тұлға ретінде қалыптасуыма зор ықпал еткен қасиетті ордам болды. Мен «Физика педагогтерін даярлау» бағдарламасы бойынша 2020–2024 жылдар аралығында бакалавриатта, ал 2024–2026 жылдар аралығында магистратурада білім алып, алты жыл бойы осы оқу орнының ажырамас бір бөлшегі болдым. Бұл мамандық – тек іргелі ғылымды тану ғана емес, жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығы мен инженерлік ойлау қабілетін дамытуға жол ашатын, үнемі ізденіс пен шығармашылықты талап ететін ерекше сала.

Университет қабырғасында өткен уақыт мен үшін тек білім жинақтау кезеңі ғана емес, сонымен қатар қоғамдық белсенділік пен көшбасшылық қабілеттерімді дамыту мүмкіндігі болды. Студенттік жылдарымда университеттің қоғамдық, ғылыми және мәдени іс-шараларына белсенді қатысып, түрлі бастамаларға атсалыстым. Ал магистратура кезеңінде Ф-24-1м оқу тобының старостасы ретінде сайланып, топтың оқу және қоғамдық өміріне жауапкершілікпен үлес қостым. Со-

нымен қатар, білім беру қызметін жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде білім алушылар арасында академиялық адалдық мәдениетін



калыптастыруға және емтихан үдерісінің әділ өтуіне бағытталған жұмыстарға қатыстым.

Осы белсенділіктің, ізденістің және қара шаңырағымның берген мүмкіндіктерінің арқасында «ТМД-НЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» атанып, халықаралық деңгейде университетімнің атын шығару бақыты бұйырды.

Біздің университет – заман талабымен үндесе отырып, студенттерге әлемдік деңгейдегі білім беруді көздейтін заманауи білім ордасы. Соның айқын дәлелдерінің бірі – оқу орнымыздың қолдауымен әлемнің жетекші университеттері ұсынатын Coursera платформасының курстарын тегін меңгеріп, халықаралық сертификаттарға ие болу мүмкіндігі. Бұл біздің бәсекеге қабілетті маман болып шығуымызға үлкен септігін тигізді. Айналамыздағы барлық құбылыс, жасап жүрген іс-әрекеттеріміз, тіпті өмірдің өзі физи-

ка заңдылықтарымен тығыз байланысты. Физикасыз өмірді елестету мүмкін емес. Болашақ студенттерге айтарым – мамандық таңдауда мұқият болыңыздар және өз істеріңізді шын жүректен сүйіп таңдаңыздар. «Өмірде мамандық таңдаудан және жар таңдаудан қателеспе» деген сөз бекер айтылмаған. Мен бұл пікірмен толықтай келісемін. Адам өз мамандығын жақсы көрмесе, сол салада жетістікке жетуі де қиын. Сондықтан тек грант немесе бедел үшін емес, өз қызығушылығыңыз бен қабілетіңізге сай мамандықты таңдаған дұрыс. Себебі шын сүйіп істеген іс қана адамды биік жетістіктерге жетелейді.

Университет – жастардың армандарын жүзеге асырып, мақсаттарына жетуіне жол ашатын маңызды білім ордасы. Ол жастарды білімді, мәдениетті, жауапты азамат ретінде қалыптастырып, кемел болашаққа жетелейді. Сондықтан әрбір жас университеттің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өз болашағын жарқын етуге ұмтылуы қажет.

Болашаққа бастар осы жолда ғылымның қыр-сырын үйретіп, диссертациялық жұмысты сәтті қорғауыма қолдау көрсеткен «Физика және математика» білім беру бағдарламасының барша профессорлар мен оқытушылар құрамына шексіз алғысымды білдіремін. Сіздердің әрбір берген білімдеріңіз, ақыл-кеңестеріңіз бен қолдауларыңыз менің болашақ педагогикалық және ғылыми жолымда әрдайым шамшырақ болып қала береді.

Өз білім ордамен қоштаса отырып, барша ұстаздарыма зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін. Ал қасиетті қара шаңырағым – Қорқыт Ата университетіне тек қана өрлеу мен өркендеу, биік белестер мен толағай жетістіктер тілеймін. «Сыр түлегі» атану – мен үшін үлкен мақтаныш!

**Айжан СЕРІК,**

**Ф-24-1м оқу тобының магистранты**

## УНИВЕРСИТЕТ – ҒЫЛЫМ МЕН МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ

Университет тек білім беретін оқу орны ғана емес, ол жастардың арманын жүзеге асырып, үлкен өмірге жол ашатын маңызды баспалдақ. Сондықтан университетті жастардың кемел болашағына бастар жол деп айтуға толық негіз бар.

Қазіргі заман – білім мен ғылымның заманы. Технологиялар қарқынды дамып, еңбек нарығы жаңа талаптар қояды. Осындай жағдайда жастардың сапалы білім алуы аса маңызды. Университетте студенттер өз мамандығының қыр-сырын меңгеріп, теориялық білімді тәжірибемен ұштастырады. Бұл олардың болашақта білікті маман болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми ізденіс пен зерттеу жұмыстарына қатысу студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, жанашылдыққа ұмтылуына жол ашады. Университет – тек кәсіби білім беретін орта ғана емес, сонымен қатар тұлғалық дамудың маңызды мектебі. Мұнда жастар жауапкершілікке үйреніп, уақытты тиімді басқаруды меңгереді, түрлі әлеуметтік және мәдени жобаларға қатысу арқылы өз мүмкіндіктерін ашады. Студенттік ұйымдар мен ғылыми үйірмелер олардың бастамашылығын дамытып, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастырады.

Математика пәнінің мұғалімі ретінде мен алгебра және сандар теориясы бойынша әдістемелік құрал дайындап, оны жарыққа шығаруға мүмкіндік алдым. Осы



жолда қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар берген ұстаздарыма алғысым шексіз. Олардың еңбегі менің кәсіби дамуыма негіз болды. Алгебра – сандар әлемінің терең заңдылықтарын зерттейтін ғылым ғана емес, ол логикалық ойлау мен дәлелді тұжырым жасау мәдениетін қалыптастыратын іргелі сала. Ежелгі дәуірден бастап Пифагор «бәрі – сан» деп тұжырымдап, математика ғылымының философиялық негізін қалаған. Бұл ой бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Мен де осы ғылымды терең меңгеріп, оны оқушыларға жеңіл әрі қызықты түрде жеткізуді өз міндетім деп санаймын.

Жоғары математиканы терең меңгеруіме үлкен ықпал еткен ұстаздарыма басымды иемін. Олардың ғылыми білімі, талапшылдығы және қолдауы менің кәсіби қалыптасуыма берік негіз қалады.

Сонымен бірге, университет атынан түрлі қалалар мен шетелдерге бару мүмкіндігі – мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Бұл сапарлар жаңа білім көкжиегін ашып қана қоймай, әртүрлі мәдениеттерді тануға, кәсіби байланыстар орнатуға мүмкіндік берді. Университет осылайша тек академиялық біліммен шектелмей, жаһандық ойлау дағдысын қалыптастырады.

Университет сонымен қатар студенттерге халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы өзге елдерде білім алуға жағдай жасайды. Мұндай тәжірибе жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, кәсіби дамуын жаңа деңгейге көтереді. Одан бөлек, университет өмірі жаңа достық пен берік кәсіби байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді. Әртүрлі ортадан келген студенттердің өзара тәжірибе алмасуы олардың ой-өрісін кеңейтіп, болашақта бір-біріне қолдау көрсететін кәсіби орта құруға негіз болады.

Қорытындылай келе, университет – тек диплом беретін орын емес, адамның рухани, интеллектуалдық және кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамуына ықпал ететін үлкен өмір мектебі. Жоғары білім алған жас өзіне сенімді, жаңашыл, бәсекеге қабілетті әрі қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады.

**Гүлназ ТӘҢІРБЕРГЕНҚЫЗЫ,**  
**М-24-1м оқу тобының магистранты**

## ҚОҢЫР ҮННІҢ ҚҰДІРЕТІ: ДОМБЫРАМЕН ҮНДЕСКЕН ӨНЕР ЖОЛЫ

Қазақтың рухы домбыраның қос ішегінен төгілген күйде, ал жан дүниесі оның қоңыр үнімен астасып жатыр. Ғасырлар бойы халықтың тарихы мен тағдырын бойына сіңіріп келген бұл қасиетті аспап бүгінге дейін ұлттық болмысымыздың берік тұғырына айналды.

Біздің кейіпкеріміз үшін домбыра – жай ғана музыкалық аспап емес, ең жақын сырлас, сенімді серік. Сұхбат қонағы төрт жылдан бері домбыра тартып, күй мен терме өнерінің сырлы әлемін зерттеп келе жатқан МО-23-31 оқу тобының студенті Ақнұр Көлжан.

– Домбыра тартуға қызығушылығыңыз қалай оялды?

– Қазақтың дәстүрлі музыкасы – ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани қазына. Сол қазынаның ішінен мені ерекше тартқан аспап – домбыра. Оның қоңыр үні бала күнімнен-ақ жүрегіме жақын болды. Сол үн арқылы мен туған даланың тынысын, халықтың рухын, тарихтың ізі қалған сәттерді сезінетінмін. Домбыраны алғаш қолға алғаннан бастап өнерге деген құштарлығым ашыла түсті. Әуелі күй тартуды меңгеруге ұмтылдым, оның терең мағынасына үңілуге тырыстым. Уақыт өте келе терме өнері маған әлдеқайда жақын екенін түсіндім. Өйткені терме – тек әуен емес, халық даналығы мен өмірлік тәжірибені жеткізетін тағлымды өнер.

– Қазақта «Нағыз қазақ казак емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөз жиі айтылады. Осы ойға өзіңіздің көзқарасыңызды қалай жеткізер едіңіз?

– Домбыра – жай ғана аспап емес, халықтың тарихын, қуанышын, қайғысын және дүниетанымын жеткізген мәдени жадының бір түрі. Домбыра үні арқылы қазақ даласының кеңдігі, еркін рухы және мінезі сезіледі. Философиялық тұрғыдан қарағанда, қазақтың күйі – адамның ішкі әлемі мен ғалам арасындағы үнсіз диалог іспетті. Ол сөзбен емес, үнмен ой айтады, сезімді емес, тұтас болмысты сөйлетеді.

Күй тыңдаған сәтте адам тек әуен қабылдамайды, ол өз ішіне үңіліп, өмірдің мәні туралы ойға келеді. Бұл – дыбыстың философияға айналуы. Осындай күйлерде адам мен табиғат, сезім мен сана, өткініші мен мәңгілік бір арнада тоғысады. Сондай-ақ, жырын терме өнері де халықтың ішкі жан сырын жеткізудің маңызды жолы болды. Жыраулар мен термешілер елдің жағдайын, заманның қиын тұстарын, адамгершілік пен өмірлік тәжірибені сөз арқылы халыққа жеткізген.

– Күйшілер арасында «домбыра – киелі аспап, ол кез келген адамды таңдай бермейді» деген түсінік бар. Осы киелі аспаптың сізді өзіне серік етіп, жол көрсеткенін алғаш рет қашан және қалай сезіндіңіз?

– Домбыраның адамды “таңдауы” дегенді мен уақыт өте келе, тәжірибе арқылы сезіндім. Алғашында бұл жай ғана қызығушылық, үйрену мен ізденіс сияқты көрінген. Бірақ белгілі бір кезеңде домбырамен байланысым тереңдеп, ол мені тек үйретіп қана қоймай, бағыт бере бастағанын байқадым. Алғаш рет соны

анық сезінген сәтім – бір күйді орындау барысында болған еді. Сол кезде әуеннің жай ғана дыбыс емес, тұтас бір ой мен сезім екенін ұқтым. Домбыра арқылы ішкі күйімді, түсінігімді өзгертіп, өзімді жаңа қырдан танығандай болдым. Сол сәттен бастап бұл аспап мені тек өнерге емес, ішкі танымға да жетелейтінін түсіндім.

– Төкпе және шертпе күй – орындау мәнері мен табиғаты жағынан екі түрлі бағыт. Бұл екі күй мектебі қазақ халқының болмысын қалай сипаттайды? Олардың басты айырмашылығы неде?

– Төкпе мен шертпе күйді мен қазақ рухының екі үлкен арнасы, екі түрлі болмысын ашатын терең мектептер деп қабылдаймын. Бұл екеуі бір-біріне қарама-қарсы көрінгенімен, түптеп келгенде қазақ халқының тұтас дүниетанымын, мінезін және ішкі әлемін толық бейнелейтін біртұтас мәдени кеңістіктің бөлінбес бөліктері.

Төкпе күй – табиғатынан ширақ, екпінді, қуатқа толы өнер. Оның әрбір дыбысы мен ырғағында қозғалыс, серпіні, алға ұмтылу бар. Мұндай күйлерді тыңдаған немесе орындаған сәтте адам бойында ерекше бір ішкі күш оянады. Ол тек эмоцияны ғана емес, ерік-жігерді де қозғайды. Төкпе күйдің бойында халқымыздың қайсарлығы, еркіндікке деген құштарлығы, қиындыққа мойымайтын мінезі айқын сезіледі. Бұл – тарихи тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да қазақтың батырлық болмысын, кең даладағы еркін өмір салтын бейнелейтін бағыт.

Ал шертпе күй – мүлде басқа бір әлем. Ол сабыр мен терең ойдың, ішкі толғанис пен философиялық пайымның өнері. Шертпе күйде артық екпін жоқ, керісінше әр дыбыстың салмағы, әр әуеннің астарлы мағынасы бар. Ол тыңдаушыны баяу күйге түсіріп, ойға жетелейді, ішкі әлеммен беттестіреді. Мұнда қазақ халқының даналығы, өмірге байыппен қарауы, сабырлы табиғаты көрініс табады. Шертпе күй көбіне адамның жан дүниесін тыныштан-дырып қана қоймай, терең ойға, өмір мәнін түсінуге жетелейді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл екі күй мектебі бір-бірін толықтыратын, бір-бірінен ажырамайтын құбылыс. Төкпе күй – сыртқы әлемге бағытталған қуат болса, шертпе күй – ішкі әлемге үңілетін ой. Бірі әрекетке жетелесе, екіншісі терең пайымға бастайды. Бірі қайратты оятса, екіншісі сабырды қалыптастырады.

– Домбыра – сөзбен жеткізу қиын сезімді үнмен ұқтыратын құдіретті аспап. Сіздің ойыңызша, осындай «тілсіз сөйлейтін» әсерлі күйлердің ішінде қайсысы ерекше?

– Маған «Сарыарқа» күйі ерекше әсер етеді. Бұл шығармада кең даланың тынысы, еркіндік рухы және қазақтың асқақ болмысы көрініс табады. Күйді тыңдаған сәтте көз алдына жазық дала, жүйіткіген аттар мен еркін өмір елестейді. Әуеннің қуаты адамды бірден баурап алып, ішкі әлемінді серпілтеді. «Сарыарқа» күйі арқылы қазақтың кеңпейілдігі мен еркіндікке деген ұмтылысы анық сезіледі. Әр дыбысынан даланың самалы ескендей әсер алып, адам

ерекше рухани күйге бөленеді.

– Репертуарыңыздағы ең жақын көретін шығармаңыз қайсы? Ол сізді несімен тартады?

– «Жақсылардың үлгісі» – тәрбиелік мәні зор терме, авторы Базар жырау Ондасұлы.

Терменің негізгі идеясы – жақсы адамдардың ісін үлгі ету, адамды кісілікке, парасаттылыққа және адалдыққа тәрбиелеу. Онда «жақсы мен жаманды айыра білу», «өнегелі адамнан үйрену» сияқты ойлар көп айтылады.

– жақсы адам – елге сыйлы, сөзі өтімді, ісі түзу болады;

– жаман мінезден аулақ болу керек;

– адам өмірінің мәні – ізгі іс пен өнегеде.

Базар жыраудың осы термесі жыраулық дәстүрде көбіне домбырамен орындалып, тыңдаушыны ойлануға, өз мінезін түзетуге жетелейді.

– Сахнада өнер көрсету кезінде қандай сезімде боласыз?

– Сахнаға шыққан сәт ерекше толқу мен жауапкершілікке толы мезет. Алдында отырған тыңдарманға тек әуен емес, көңіл күй мен ойды жеткізу маңызды екенін сезінесің. Сол сәтте өзінді тек орындаушы емес, халық пен өнер арасындағы дәнекер ретінде қабылдайсың. Әр күй мен термені орындау барысында ішкі әлемің тынышта-лып, бар назарың тек өнерге ауады.

– Сахнадағы ең есте қалған сәтіңіз қандай?

– Оркестр құрамында күй орындаған сәтім мен үшін ерекше есте қалды. Домбыра қолымда тұрғанда, өзімді үлкен бір өнер ұжымының бөлшегі ретінде сезіндім. Бірнеше домбыраның үні бір арнаға тоғысқанда, күйдің қуаты мүлде басқа деңгейде естілетінін байқадым. Сол сәтте үйлесім мен бірліктің өнердегі қаншалықты маңызды екенін терең ұқтым. Бұл тәжірибе маған сахна мәдениетін де, жауапкершілікті де айтарлықтай күшейтті.

– Сұхбат үшін рақмет! Өнеріңіз өрлей берсін!

Сұхбаттасқан  
Дамира МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ

*Құттықтаймыз!*

Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Әсел Махамбетқызы Өмірзақова 2026 жылғы 22 маусымда Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті базасында «6D010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Әсел Махамбетқызын осы маңызды ғылыми жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз! Ғылыми-педагогикалық қызметіне толағай табыс, шығармашылық ізденіс пен жаңа жетістіктер тілейміз.

## БИІК БЕЛЕСКЕ БАСТАР ЖОЛ



Жетістік – адам өміріндегі ең асыл мақсаттардың бірі. Әр адам өмірден өз орнын тауып, қоғамға пайдасын тигізуді армандайды. Алайда жетістік ешкімге дайын күйінде келмейді. Ол табандылықтың, үздіксіз еңбектің, білімге деген құштарлықтың және өз-өзінді дамытуға деген ұмтылыстың нәтижесінде қалыптасады. Мен үшін жетістік – тек марапаттар мен дипломдар ғана емес, өзімнің кешегі күнімнен бүгінгі күнімнің жақсырақ болуы, алдыма қойған мақсаттарыма біртіндеп жақындай түсу. Студенттік өмір мені көптеген нәрсеге үйретті. Ең алдымен, уақыттың қадірін түсінуге, жауапкершілікті сезінуге және қандай жағдай болмасын бастаған істі соңына дейін жеткізуге баулыды. Қазіргі таңда

мен «Химия-Биология мұғалімдерін даярлау» мамандығында білім алып жүрмін. Бұл мамандықты таңдаудағы басты мақсатым – болашақ ұрпаққа сапалы білім беріп, ғылымға қызығатын шәкірттер тәрбиелеу. Мұғалім болу – жай ғана мамандық емес, ол үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін қасиетті қызмет. Осы уақытқа дейінгі оқу жолымда түрлі жетістіктер мен сынақтар қатар жүрді. Кей кездері қиын пәндер мен күрделі тапсырмалар кездесе де, мойымай, үздіксіз еңбектенудің арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткізе алдым. Бүгінде менің академиялық көрсеткішім – GPA 3.66. Бұл көрсеткіш мен үшін жай ғана сан емес, көптеген ұйқысыз түндердің, дайындықтардың, үздіксіз ізденістің және өз-өзіме қойған талаптардың жемісі. Әрбір жоғары бағаның артында жауапкершілік, тәртіп және мақсатқа деген адалдық жатыр.

Жетістікке жетудің алғашқы қадамы – нақты мақсат қоя білу. Адам өзінің қай бағытта дамығысы келетінін анық білсе, оған жету жолындағы қиындықтарды жеңіп еңсереді. Мен де өз болашағымды білім саласымен байланыстырып, білікті химия және биология пәндерінің мұғалімі болуды мақсат еттім. Бұл мақсат мені күн сайын жаңа білім алуға, өзінді жетілдіруге және кәсіби тұрғыдан өсуге ынталандырады. Болашақ ұстаз ретінде тек пәндік білімімді ғана емес, зерттеу дағдыларымды, сыни ойлау қабілетімді және шығармашылық қасиеттерімді дамытуға тырысамын. Себебі

шәкіртке сапалы білім беру үшін мұғалімнің өзі де үнемі үйреніп, жаңашылдыққа ұмтылуы қажет. Жетістік жолында тәртіп пен уақытты дұрыс пайдалану да маңызды орын алады. Кейде студенттік өмірде оқу, қоғамдық жұмыстар және жеке даму арасындағы тепе-теңдікті сақтау оңай бола бермейді. Дегенмен, дұрыс жоспар құру арқылы кез келген істі үйлестіруге болады. Күн сайын өзіме шағын мақсаттар қойып, соларды орындауға тырысамын. Осындай тұрақты әрекеттер үлкен нәтижелерге алып келеді. Әрине, кез келген жетістік жолында қиындықтар кездеседі. Сәтсіздіктер де болады. Бірақ олар адамды әлсірету үшін емес, шыңдау үшін беріледі деп ойлаймын. Қателіктерден сабақ алып, қайтадан әрекет ету – табысты адамның басты қасиеттерінің бірі. Егер адам өз мақсатына сеніп, еңбектенуден жалықпаса, міндетті түрде нәтижеге жетеді. Менің ойымша, нағыз жетістік – тек жеке жетістіктермен шектелмейді. Ол алған білім мен тәжірибенің қоғам игілігіне жұмсай білуден көрінеді. Болашақта өз ісін сүйетін, білімді де білікті ұстаз болып, оқушылардың ғылымға қызығушылығын арттыруға үлес қосуды қалаймын. Мүмкін, мен тәрбиелеген шәкірттердің арасынан болашақ ғалымдар, дәрігерлер немесе еліміздің дамуына үлес қосатын тұлғалар шығатын болар. Мұғалім үшін бұдан асқан жетістік жоқ деп есептеймін.

**Жандос ӘБДІХАМИТ,**  
ХБ-23-1 оқу тобының студенті

## ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

Студенттік кезең – тұлғаның қалыптасуындағы ең жауапты әрі шешуші уақыт. Бұл жылдар тек білім алумен шектелмей, адамның дүниетанымын кеңейтетін, өмірлік бағытын айқындайтын маңызды мектеп іспетті.



Университет қабырғасында өткен жылдар ішінде ғылыми ізденістерге араласу, қоғамдық жұмыстарға қатысу және түрлі байқауларда бақ сынау тәжірибе мен сенімді қатар қалыптастырды. Әрбір жетістік – үздіксіз еңбектің, табандылық пен талпыныстың нәтижесі. Студент үшін ең басты құндылық – білімге деген құштарлық пен мақсатқа адалдық. Университет қабырғасында өткізген төрт жыл ішінде тек мамандық бойынша білім алып қана қоймай, ғылым, қоғамдық жұмыс және кәсіби даму бағытында өзімді жан-жақты жетілдіруге мүмкіндік алдым. Студенттік өмірдің алғашқы күндерінен бастап ғылыми жұмыстарға белсенді араластым. Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Сарышова Күлдірсін мен Айтбаева Айман апайларымыздың

жетекшілігімен республикалық ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орын-дарға ие болдым. 2023 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өткен XXV студенттік ғылыми конференцияда «Жаңа Қазақстан гуманитаристикасы және концептілер трансформациясы» секциясы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталдым. Кейінгі жылдары ғылыми ізденістерімді жалғастырып, республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында III орын иелендім.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен тағайындалған Президенттік стипендияға ие болуым оқу және ғылыми қызметімдегі ең елеулі жетістіктердің бірі ретінде бағаланды. Үшінші курстан бастап осы мәртебелі стипендияға төрт мәрте ие болуым – оқу үлгерімімнің жоғары деңгейін, ғылыми ізденістерге деген тұрақты қызығушылығымды және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуымды айқындайтын маңызды көрсеткіш. Бұл стипендия үздік оқу жетістіктерін көрсетіп, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметте белсенділік танытқан студенттерге тағайындалатындықтан, аталған марапат үлкен сенім мен жауапкершілікті жүктейтін айрықша академиялық жетістік. 2025 жылы халықаралық деңгейдегі маңызды жетістік – «Орталық Азияның үздік студенті» атағына ие болдым. Аталған атак тек жеке жетістік емес, сонымен қатар Қорқыт Ата университетінде қалыптасқан сапалы білім беру ортасының көрсеткіші деп есептеймін.

Университет ұсынған мүмкіндіктердің нәтижесінде түрлі интеллектуалдық және шығармашылық байқауларға тұрақты түрде қатыстым. «Әлемді ғылым құтқарады – III» ғылым айы аясында өткен «Aqyl Battle»

интеллектуалдық сайысында білім мен тапқырлық танытып, марапат иелендім. Сондай-ақ «Ustaz tilegi» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған олимпиадада жүлделі орынға қол жеткізіп, кәсіби даярлығымды тереңдеттім. Оқу үдерісіндегі белсенділігім мен академиялық нәтижелерім үшін Гуманитарлық-педагогикалық институтының деканы Тайман Сағат Тамшыбайұлынан алғыс хат табысталды. Мұндай марапаттар алдағы мақсаттарға жетелеуші мотивациялық фактор ретінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезеңде кәсіби маман қалыптастыруда халықаралық білім беру платформалары айрықша мәнге ие. Осы бағытта университет коллауымен Coursera платформасында білімімді жетілдіріп, бірнеше сертификатқа ие болдым. Бұл тәжірибе әлемдік білім кеңістігіндегі заманауи үрдістермен танысуға және кәсіби құзыреттілігімді арттыруға жол ашты.

Тұлғалық және кәсіби дамуына елеулі ықпал еткен жобалардың бірі – «Білім Ыбырай» қоғамдық қоры. 2024 жылы аталған қордың стипендиаты ретінде болашақ ұстаздық бағытымызды дамытуға арналған бағдарламаларға қатысып, педагогикалық көзқарасымның қалыптасуына, көшбасшылық қабілетімнің жетілуіне ықпал етті.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен үшін жай ғана оқу орны емес, арманға жол ашқан, кәсіби қалыптасуыма негіз болған рухани-ғылыми орта. Алдағы уақытта игерген білім мен тәжірибемді қоғам игілігіне бағыттап, қазақ тілі мен әдебиеті ғылымының дамуына үлес қосуды мақсат етемін.

**Гүлфара ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,**  
КЯЛ-22-3 оқу тобының студенті

## ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮЗДІК 10 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ҚАТАРЫНДА

2026 жылғы 23 маусымда Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізетін ҚР жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі – 2026 қорытындысы жарияланды. Рейтингке дайындықтың көпсалалы, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық, педагогикалық және өнер бағыттарындағы 32 қазақстандық ЖОО қатысты. Айта кету керек, 2026 жылы білім беру бағдарламаларының рейтингке қамтылуы кеңейді, рейтингтегі БББ саны 10,7% - ға өсті.

2026 жылы осы рейтингке біздің университеттің 90 білім беру бағдарламасы қатысты (2025 жылы – 72 бағдарлама).

Рейтинг қорытындысы бойынша біздің университет 77 589 балл жинап, 7-ші орынға ие болды (2025 жылы – 63 700 ұпай).



НУ "НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА"  
INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING



Ұзақ жылдар бойы Қазақстанның үздік он жоғары оқу орнының қатарынан берік орын алып келе жатқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті бұл жолы да мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін, білім беру қызметтерінің сапасын және түлектердің еңбек нарығындағы жоғары

сұранысын толықтай дәлелдеп шықты. Өңірдің интеллектуалды орталығына айналған қара шаңырақтың бұл жетістігі – ұлағатты ұжым мен білікті профессор-оқытушылар құрамының бірлескен еңбегінің жемісі.

## Жаңа Конституция – әділетті қоғамның берік тірегі

Заң үстемдігі мен азаматтық жауапкершілік – өркениетті қоғамның басты құндылықтарының бірі. Осы құндылықтарды кеңінен насихаттау және жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Жаңа Конституция – әділетті қоғамның берік тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Университеттің №1 оқу ғимаратындағы М.Шоқай орталығында өткен жиынға Басқарма Төрағасы – Ректор Наурызбай Сейтқалиұлы, профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар, қызметкерлер және білім алушылар қатысты. Іс-шараның модераторы – университеттің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Уәлихан Серікұлы болды.

Басқосу барысында Жаңа Конституцияның елдің қоғамдық-саяси дамуына тың серпін берудегі маңызы, заң үстемдігін нығайтудағы рөлі және адам

құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы мәні жан-жақты талқыланды. Қатысушылар Ата заңның жаңартылған редакциясы мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтып, әділетті әрі тұрақты Қазақстанды қалыптастыруға бағытталған маңызды тарихи құжат екенін атап өтті.

Дөңгелек үстелде сөз сөйлеген Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Сейтқалиұлы Жаңа Конституция – елдің болашақ дамуына бағыт-бағдар беретін, ұлттық бірлік пен тұрақтылықты нығайтатын негізгі құқықтық тұғыр екенін айтты. Құқықтық мемлекет құру жолында әрбір азаматтың өз құқықтары мен міндеттерін терең білуі, заңды құрметтеуі және қоғамдық жауапкершілікті сезінуі аса маңызды екенін жеткізді. Сонымен қатар жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мен азаматтық сананы қалыптастыру – жоғары білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі екенін ерекше атап өтті.

Ашық пікір алмасу алаңына айналған

жиын құқықтық мәдениетті нығайтуға және қоғамдағы заңға деген құрметті арттыруға бағытталған маңызды кездесулердің бірі болды. Сонымен қатар жиынға қатысушылар жаңа Конституцияның сыртқы рәсімделуіндегі өзгеріске де назар аударды. Бұрын Конституцияның мұқабасы беті қызыл түсте болса, жаңа редакцияда ақ түспен безендірілген. Бұл өзгеріс қоғамның жаңаруын, ашықтық пен әділеттілік қағидаттарына негізделген жаңа даму кезеңін білдіретін символдық мәнге ие екені атап өтілді.

Еліміздің жаңа Конституциясы 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда халықтың қолдауына ие болып, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енді. Жаңа редакцияға сәйкес, республикалық референдумда қабылданған күн – 15 наурыз Қазақстан Республикасының Конституция күні болып бекітілді.

## Зерттеушілік қызметтің жаңа белесі

2026 жылғы 29 маусымда өткен Ғылыми кеңестің шешімімен университеттің үш оқытушысы «Профессор-зерттеуші» лауазымына сайланды. Бұл шешім олардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі жетістіктері мен жоғары білім беру саласының дамуына қосқан үлесін айқындайды.

«Профессор-зерттеуші» лауазымына Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған

профессоры, PhD Жарқынбек Әбікенов, Биология, география және химия білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Рахат Құрманбаев және Компьютерлік ғылымдар білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, PhD Нұрбек Қоңырбаев сайланды.

Аталған оқытушылардың ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектері, халықаралық және

республикалық деңгейдегі жарияланымдары, ғылыми жобаларға қатысуы, сондай-ақ жас ғалымдарды даярлаудағы тәжірибесі олардың кәсіби біліктілігі мен ғылыми әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Университет ұжымы әріптестерін айтулы жетістіктерімен құттықтап, ғылыми-педагогикалық қызметтеріне жаңа табыстар, тың бастамалар мен толағай жетістіктер тілейді.

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.</p> <p><b>Бас редактор:</b> Қ.Ә.Омаров</p>	<p><b>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</b></p> <p><b>Н.С. БАЙҚАДАМОВ</b> - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры <b>М.Ә. БӨРІБАЕВА</b> - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор <b>У.С. ИБРАЕВ</b> - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры</p>	<p><b>Жауапты редактор:</b> <b>Дамира Аманжолова</b></p> <p><b>Техникалық редактор:</b> <b>Асқар Махашов</b></p>	<p><b>СЫР ТҮЛЕГІ</b> жасатар газеті 1992 жылдың мамыр айынан бастап шығады</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
--	--	--	--